

АҒЫЛШЫН КЕЛІСІМШАРТ ҚҰҚЫҒЫ

Мәлімет жасыру және қателік





Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Мәлімет жасыру және қателік

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

Ақпаратты жария ету міндеті

Келісуші тарап қарсы тарапқа тек белгіленген жағдайларда ғана, атап айтқанда сақтандыру келісімшарттарын жасасқанда тиісті ақпаратты жария етуге міндетті.

Жалпы тұжырымға сай, келісуші тарап келісімшарт жасасу алдындағы келіссөздер барысында қарсы тарапқа оның мәміле нысанының сапасы, мәні немесе пайдасы туралы жаңсақ түсінік қалыптастырғанын аңғартуға міндетті емес; бұл тұжырым Смиттің Хьюзға қарсы ісінде (1871) атап өтілген, Бэллдің Lever Bros Ltd компаниясына қарсы ісінде (1932) өзгеріссіз қалдырылған (бекітілген), оны BCCI ісінде (2002) қайта растаған лорд Хоффманн былай деп түсіндірме берген:



«Нарықта мәміле жасасқан бір тарап қарсы тараптың бейхабар қалғанын заңды түрде өз пайдасына қолданып қала алатыны айқын». Судья Блэрдің *Strydom* ісі (2009) бойынша шығарған шешіміне сәйкес, солиситор сот ісін жүргізгені үшін ақы төлейтін клиентіне өзінің дәл сол қызметі үшін, үкіметтің кәсіби дертке шалдыққан бұрынғы кеншілерге жәрдемдесу мақсатында белгілеген тәртібіне сай қомақты ақы алатынын жария етуге міндетті емес. Бірақ ING Bank NV компаниясының Ros Roca SA компаниясына қарсы ісін (2011) қараған лорд-судья Рикс нормативтік шешімге жатпайтын пайымында (*dicta*) аталған тұжырымға қарсы пікір білдірген (цитата тым көлемді болғандықтан, оны мұнда көрсетпедік).

Дегенмен бұл мәселеге қатысты құқықтық ереже айқын: ***әр тарап келіссөз барысында қарсы тараптың жаңылысуына себеп болатынына қарамастан, ақпаратты жария етпеуге («үнсіз қалуға») құқылы.*** Бұл ереже келесі бірінғай жағдайларға қатысты қолданылмайды:

(а) Жартылай дұрыс жалған мәлімдеме жасау. Келісімшарт жасасу алдындағы келіссөздер барысында қарсы тарапқа нақты жағдайға қатысты тек ішінара ғана дұрыс ақпарат беру – жалған мәлімдеме жасаумен барабар болуы мүмкін (мұндай жағдайда келтірілген залалды өтеу жауапкершілігі туындайды). Лорд-судья Мاستиллдың *Atlantic Estates plc* компаниясының *Иезекиильге* қарсы ісіне (1991) қатысты берген түсіндірмесі: ***«Айтылған не жазылған сөздің нағыз мағынасы айтылмай қалғанның салдарынан бұрмаланған кезде наразылық білдіруге лайықты жартылай шындық айтылады, яғни жалған мәлімдеме жасалады..., сондықтан жекелеген бөліктері шын болғанына қарамастан, мұндай мәлімдеме жаңылыстырады.»***

Сол сияқты, Пиктың *Гарниға* қарсы ісін (1873) қараған лорд-канцлер Кэйрнс мына жайтты атап өткен: ***«Елеулі фактілерді жария етпеудің өзі, моральдық тұрғыда айыптауға тұратынына қарамастан, ...жалған мәлімдеме жасалды деп талап арыз беруге негіз бола алмайды.*** Осы ретте...фактіні бұрмалаудың немесе, қалай болғанда да, фактіні жарым-жартылай жеткізудің орын алғаны шарт, яғни тиісті деректерді толық айтпау кесірінен айтылған мәлімет мүлде жалған болып қалуы қажет».

Бірінғай жағдайлар туралы ескертпенің қолданылу аясына қатысты жартылай шындық мәселесі Кертистің *Chemical Cleaning and Dyeing Co* компаниясына қарсы ісінде (1951) орын алған. Жауапкер тарап (химиялық тазалау компаниясы) шағымданушы әйелге ол қол қойғалы тұрған бірінғай жағдайлар туралы ескертпенің тек майда моншақ пен жылтырақтардың (*beads and sequins*) ғана бүлінгенінен болған залалды өтеуге қатысты екенін айтқан. Іс жүзінде бұл ескертпенің залалдың барлық түрлерін, соның ішінде, істің мән-жайын тексере келе, киімді тазалау барысында түскен дақтарды кетіруді де қамтығаны анықталды. Жалған мәлімдеме жасағандықтан, жауапкер тарап осы ретте бірыңғай жағдайлар туралы ескертпеге жүгіне алмайтын болды.

(b) Жаңылыстыратын іс-әрекет түріндегі жалған мәлімдеме. В тарабының А тарабынан нақты жағдайды жасыру мақсатымен қасақана жасаған қадамдары – іс-әрекет арқылы жалған мәлімдеме жасау деп танылуы мүмкін, мысалы мына істерді қараңыз: *Spice Girls Ltd v. Aprilia World Service BV* (2002) және *Gordon v. Selico* (1986).

(c) Келісімшарт жасасқанға дейін репрезентордың фактілердің бұрмаланғанынан хабардар болуы:

(c) Ұсынылған мәміле талаптарындағы қателік: қарсы тараптың көнуі. Маңызды сот прецеденттері мыналар: *Hartog v. Colin & Shields* (1939) және *ING Bank NV v. Ros Roca SA* (2011).

(e) Сақтандыру. Сақтандырушы тарап та (*insurer*), пайда көруші тарап та (*assured*) (сәйкесінше, қайта сақтандырушы мен қайта пайда көруші тараптар) ұсынылған мәмілеге қатысты елеулі фактілерді жария етуге міндетті, бірақ заңда тұтынушыларға қатысты бірінғай жағдай қарастырылған. Апелляциялық



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Мәлімет жасыру және қателік

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

сот пен Лордтар Палатасы шығарған шешімдерге сай, «сақтандыру» не «қайта сақтандыру» жасалған жағдайда ақпаратты жария етпеу «жәбірленушіге» компенсация талап етуге құқық бермейді, мұндай кезде ол мәмілені бұзуды талап етуге ғана құқылы. Тұтынушы болып табылмайтын пайда көрушінің мәртебесі Сақтандыру туралы 2015 жылғы заңда айқындалған.

(f) Кредитор және кепілдіктер: кредитордың кепілдік беруші ұсынған кепілдік бойынша тәуекелге ықпал ететін айрықша жайттарды біле тұра жария етпеуі. Жария етуге қатысты бұл шектеулі міндет «талап етілген кепілдіктерге» емес, тек қарапайым кепілдіктерге ғана қолданылады.

(g) Фидуциарлар. Ақпаратты жария ету міндеті принципал мен оның фидуциары (сенімгері) арасындағы келіссөздер барысында туындауы мүмкін, осылайша фидуциар ақпаратты жария етуге міндеттеме алады.

(h) Заңсыз ықпал ету санатындағы «сенімді» қарым-қатынастар. Апелляциялық соттың Хьюиттің First Plus Financial Group компаниясына қарсы ісі (2010) бойынша шығарған шешіміне сай, ерлі-зайыптылар арасында сенімді қарым-қатынас болған жағдайда, заң талаптары бойынша, елеулі фактіні әдейі жасырудан (мысалы, еркектің өз әйелінен бөлек әйелмен жүріс жасағанын жарияламаудан) тартыну міндеті жүктелуі мүмкін.

(i) Түзету енгізу. Түзету енгізудің «біржақты қателік» санаты келіссөздер барысында келісуші тарап қарсы тарап ұсынылған мәміле шарттары жөнінде қателесті деп ой түйіп, соған қарамастан қателеспеген тарап ештеңе айтпағанда, салдарынан жазбаша рәсімделген соңғы келісімшарт талаптары қателескен тарап болжамдарына қайшы болған жағдайда қолданылады.

Қарсы тарапқа әсері тиетін біржақты қателік

Біржақты қателік тек мына жағдайларда ғана қателеспеген тараптың заңды мәртебесіне ықпал ететіндей дәрежеде жасалған болып саналады:

(a) В тарабы жалған мәлімдеме жасап, осылайша А тарабының жаңылысуына себепші болғанда; немесе

(b) В тарабы А тарабының ауызша не жазбаша белгіленген шартқа немесе оның мағынасына қатысты қателескенін біле тұра, оған ештеңе хабарламағанда; осылай болғаны анықталса, А тарабы жасасқан келісімді орындау міндетінен босатылады; немесе

(c) жазбаша келісімшарт жасалған жағдайда, В тарабы А тарабының құжаттың соңғы нұсқасына енгізілген шарттар жөнінде жаңсақ түсінік қалыптастырғанын біле тұра, А тарабына қателескенін жеткізбесе, А тарабы келісімге түзету енгізуге құқылы, осылайша әділ сот қаулысына сай, А тарабы ұсынған келісім «нұсқасы» құжаттың соңғы мәтініне енгізілетін болады; немесе

(d) В тарабы өзге тараптың жаңылысқанын біле тұра, А тарабына оның қателескенін жеткізбеген жағдайда біржақты қателік «келісімшартты заттай орындаудан бас тартуға» ('refusal of specific performance') негіз бола алады.

В тарабының хабардар болғанына қарамастан, А тарабының келісімшарт нысаны және оның «мәні» жөнінде қарапайым қателік жіберуі прецеденттік құқық ережелері бойынша құқықтық қорғау құралдарын қолдануға негіз бола алмайды. Прецеденттік құқық ережелерін басшылыққа алған соттың Смиттің Хьюзға қарсы ісі (1871) бойынша шығарған шешіміне сай, А тарабының қателескені В тарабына мәлім болумен қатар, аталған қателік келісімшарт талаптарына қатысты болуы тиіс. Мысал үшін, мына іспен таныссаңыз болады – Хартогтың Colin & Shields фирмасына қарсы ісі (1939): сатып алушы сатушының қоян терісі бағасынан қате жібергенін өз пайдасына асырған. Судья Айкенстың мына іс бойынша жасаған талдауын қараңыз: Statoil case (2008).

OT Africa компаниясының Vickers plc компаниясына қарсы ісін (1996) қараған судья Мэнс (Mance J) В тарабының, қисынға сай, А тарабының тиісті шарттар жөнінде қателескенін білуге тиіс болғаны жеткілікті деген; Wimpole Theatre (a firm) фирмасының J J Goodman Ltd компаниясына қарсы ісін (2012) қараған судья, корольдік адвокат Ричард Сэймур осындай пікір білдіріп, былай деген:

«Сотқа А тарабының ... өзіне міндеттеме алуға объективті түрде жаңылысып келісім бергенін, ал В тарабының бұл жайттан хабардар болуға тиіс болғанын айтарлықтай сенімді етіп көрсетсе жеткілікті. Осылай болатыны екіталай».

Келісімшартты заттай орындаудан бас тарту. Тамплинның Джеймске қарсы ісі (1880) бойынша шығарылған шешім: әділдік құқығына сай, жауапкер тараптың қателесуіне талап арыз беруші тараптың себепкер болғаны немесе талап арыз беруші тарап қарсы тараптың жаңылысқанын біле тұра, қателікті түзету үшін оған ештеңе айтпағаны анықталғанда, сот келісімшартты заттай орындатудан бас тарта



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Мәлімет жасыру және қателік

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

алады. Алайда істің мән-жайына сәйкес, жауапкер тарап жоғарыда аталған факторлардың орын алғанын дәлелдей алмады. Сондықтан сот тараптар жасасқан келісімшартты заттай орындату туралы шешім шығарды. Жауапкер мүлікті аукционда сатып алу туралы шешім қабылдағанда оның нақты шекарасын дұрыс түсінбеген, алайда бұл жалған мәлімдеме салдарынан болмаған, жауапкердің жаңылысқанын талап арыз берушінің өзі де білмеген.

Ортақ түбегейлі қателік

(i) «Ортақ қателік» («қос тараптың қателігі») жіберілген жағдайда, келісімшарт ab initio жарамсыз болып саналады; осылайша келісуші қос тараптың түбегейлі қателік жіберуі салдарынан бір тарап (немесе қос тарап та) келісім жасасу нәтижесінде көздеген артықшылықтардан айырылады.

(ii) Құжат мазмұны оған қол қойған тарап ойлағаннан толық немесе айтарлықтай өзгеше болған жағдайда, ресми шарт немесе басқа да жазбаша келісім ab initio жарамсыз болып танылады.

Ортақ қателік жіберілгенін тексеру. Мұндай қателік жіберілсе, келісімшарт жарамсыз, яғни маңызсыз болып танылады. Келісуші тараптардың жалған болжам жасап, прецеденттік құқық ережелеріне қайшы келетін қателік жібергенін тексеру жолын Бэллдің Lever Bros компаниясына қарсы ісін (1932) қараған лорд Аткин және «The Great Pease» (2002) ісін қараған Апелляциялық сот айқындап берген. Аталған екі іс – осы мәселеге қатысты негізгі сот прецеденттері. Лорд Аткин Бэллдің Lever Bros компаниясына қарсы ісіне (1932) қатысты былай деген: «Қос тарап жіберген қателіктің ғана келісімге әсері тиеді, бұған қоса ол қателіктің белгілі бір сапалық сипаттамасы болуға тиіс, яғни қалыптасқан ой-тұжырым аталған сапалық сипаттама болмағанда айтарлықтай өзгерген болуға тиіс».

«The Great Pease» (2002) ісін қараған Апелляциялық сот прецеденттік құқықтағы ортақ қателік доктринасының негізгі элементін барынша шектеуші сипатта айқындай түсу үшін қатаң «мүмкін еместік» тексеру әдісін белгілеген.

Апелляциялық соттың «The Great Pease» (2002) ісі бойынша шығарған шешіміне сай, әділдік құқығында ортақ қателік болғаны үшін келісімшартты бұзу қарастырылған бөлек доктрина жоқ. Сот бұл істе лорд-судья Деннингтің *Solle v. Butcher* (1950) ісі бойынша шығарған шешімін қолданудан бас тартты; айта кетерлігі, сол шешім елу жыл бойы прецедент ретінде күшін сақтап келген. Солленің Бутчерге қарсы ісін қараған лорд-судья Деннинг сот әділдік құқығы бойынша келісімшартты бұзу түріндегі құқықтық қорғау құралын тараптар келісімшарт нысанына қатысты елеулі ортақ қателік жібергенде қолдана алады. Ол үшін өз құқықтарын қорғауды талап еткен тарап кінәсіз болуға тиіс. Қажет болса, сот тиісті құқықтық қорғау құралын қолдану үшін белгілі бір шартты орындауды талап ете алады (бұл қос тарапқа да әділ қарау үшін жасалады).

«Non Est Factum» («бұл мен жасасқан шарт емес»/ «мұндай құжат жоқ»): қол қойған құжаттардағы түбегейлі қателер. Бұл доктринаға сүйеніп, ресми шартты немесе басқа да жазбаша келісімді күші жоқ, яғни ab initio жарамсыз (дауланатын келісім деп емес, жарамсыз келісім) деп таңуға болады. Бұл доктрина құжат мазмұны оған қол қойған тарап ойлағаннан толық немесе айтарлықтай өзгеше болған жағдайда қолданылады. Қарсы тараптың немесе қандай да бір үшінші тараптың жаңылыстырмағаны анық болса, аталған доктринаға сай, әдетте, құжатқа қол қойған тараптың білім жетіспеуі, науқастану немесе туғаннан әрекет қабілеттілігі шектеулі болғаны салдарынан құжатты шынымен дұрыс түсінбегенін көрсету керек. Соңғы кезде қабылданған сот шешімдерінде non est factum доктринасын қолдануға қатысты үш түрлі шектеу белгіленген. Қол қойған тарап құжатты оқудан бас тартқан жағдайларда (осындай жағдайлардың барлығында дерлік) аталған доктрина қолданылмайды. Қол қойған тарап құжатты мұқият оқыған күннің өзінде оны дұрыс түсінбеген жағдайларды ғана біріңғай жағдайлар деп қарастыруға болады. Мұндай жағдай аталған тараптың құжаттың нағыз құқықтық мәнін аңғаратындай дағдылары немесе ақыл-ой қабілеті болмағанда орын алуы мүмкін. Дегенмен, мысалы, біреу көзілдірігін таппай қалды деген және т.с.с. жайттарды құжатты оқымауға себеп ретінде келтіруге болмайды. Апелляциялық соттың *Lloyd's Bank* компаниясының Уотерхауска қарсы ісі (1990) бойынша шығарған шешіміне сай, жалған мәлімдеме жасауға қатысты «әдеттегі принциптер» қандай да бір тұлға басқа тараптың жалған мәлімдемесіне (үшінші тараптың жалған мәлімдемесіне емес) сеніп, құжатқа қол қойған, ал тиісті мәміленің жарамды болуы үшінші тарапқа әсер етпеген жағдайларда қолданылады.



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Мәлімет жасыру және қателік

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

Адамның жеке басын (немесе тиісті тарапты) анықтаудағы қателік

(i) Мүдделі тараптардың бетпе-бет келісуі нәтижесінде жасалған мәмілелердің «адамның жеке басын/ тиісті тарапты анықтауда қателік кетті» деген себеппен *ab initio* жарамсыз болып танылуы екіталай. Оның орнына мұндай мәмілелер репрезентордың жеке басы немесе оның сипаттамаларына қатысты жалған мәлімдеме жасалды деген себеппен дауланатын мәміле деп қана танылады.

(ii) Бетпе-бет келісу болмаған жағдайда, қандай да бір тұлғаның басқа біреуге арналған жазбаша офертаны қабылдауға әрекеттенуі оның келісімшарт жасасқанын білдірмейді. Мұндай жағдайда жасалған келісімшарттар *ab initio* маңызсыз әрі жарамсыз.

Бетпе-бет келісу. Мүдделі тараптардың бетпе-бет келісуі нәтижесінде жасалған мәмілелердің «адамның жеке басын//тиісті тарапты анықтауда қателік кетті» деген себеппен *ab initio* жарамсыз болып танылуы екіталай. Оның орнына мұндай мәмілелер репрезентордың жеке басы немесе оның сипаттамаларына қатысты жалған мәлімдеме жасалды деген себеппен дауланатын мәміле деп қана танылады. Осылай жасалған мәміленің, көп жағдайда, *ab initio* жарамсыз болып танылмайтынына мына жайт себеп: әдетте басқа тараппен мәміле жасасқысы келетін А тарабы келіссөз барысында қарсы тарапты өз көзімен көріп, онымен бетпе-бет келіседі; осы ретте А тарабының қателігі В тарабының адалдығы мен кредитті өтеу қабілеттігіне (төлем қабілеттігіне) қатысты болады.

Льюистің Аверайға қарсы ісін (1972) қараған Апелляциялық сот алданған бас сатушы (жеткізуші) пайдасына емес, кінәсіз қайта сатып алушы пайдасына шешім шығарды. Бетпе-бет кездесу барысында аталған сатушыны сатып алушының танымал телевизия актері екеніне алдап көндірген. Шын мәнінде, сатып алушы – жалған ат жамылған адам болған. Алаяқ (пайдаланылған автокөлікті сатып алушы) сатушыға өтірік чек беріп, көлік кілтін алып кеткен. Сол чек жарамсыз болып шықты. Көлікті іздеп тапқанша, алаяқ оны кінәсіз үшінші тарапқа сатып үлгерген. Соңғысының меншік құқығы мінсіз екені (*good title*) танылды. Алданған сатушы мен алаяқ арасындағы негізгі келісімшарт толық жарамсыз болмады, ол дауланатын келісімшарт болып танылды. Осылайша меншік құқығы кінәсіз қайта сатып алушыға өткен.

Лордтар Палатасы *Shogun* ісін (2004) қараған кезде *Lewis* ісі (1972) бойынша шығарылған шешімді құптады. Лордтар Палатасы *Инграмның Литтлге қарсы ісі* (1961) бойынша шығарылған керісінше шешімді құптамады; алдындағы істегідей үш тараптың мүддесіне қатысты бұл істі Апелляциялық сот талап арыз берушінің (алданған сатушы) пайдасына шешкен.

Қашықтықтан жасалған мәмілелер. *Shogun Finance Ltd* компаниясының *Хадсонға қарсы ісін* (2004) қараған Лордтар Палатасы (көпшілік дауыспен) адамның жеке басын/тиісті тарапты анықтауда қателік кеткен жағдайда, келісімшарттың *ab initio* жарамсыз болатынын растады. Жазбаша келісім жасасқан тараптар сол келісімде көрсетілген аттары бойынша анықталады. Қандай да бір тұлға өзіне арнап жасалмағаны айқын офертаны қабылдай алмайды. Сондықтан жеке тұлғалардың бетпе-бет кездеспей жасасқан мәмілесі қос тараптың келісімге келгенін білдірмейді, өйткені оферта адресаты өзіне емес, басқа біреуге жасалған офертаны жарамды деп қабылдай алмайды (мұндай «келісімшарт» *ab initio* маңызсыз әрі жарамсыз).

Қолданылған әдебиеттер

1. N Andrews, *Contract Law* (2nd edn, Cambridge, 2015), 9.44; J Cartwright, *Misrepresentation, Mistake and Non-Disclosure* (3rd edn, London, 2012), Part 3; D O'Sullivan, S Elliott, R Zakrzewski, *The Law of Rescission* (2nd edn, Oxford, 2014), chapter 5; H Beale, *Mistake and Non-Disclosure of Facts* (Oxford, 2012); Spencer Bower, Turner and Sutton: *Actionable Non-Disclosure* (2nd edn, London, 1990)
2. J Cartwright, *Misrepresentation, Mistake and Non-Disclosure* (3rd edn, London, 2012), 13-19 and 13-44 ff; D O'Sullivan, S
3. Elliott and R Zakrzewski, *The Law of Rescission* (2nd edn, Oxford, 2014), chapter 7, section B
4. Proposition (i): J Cartwright, *Misrepresentation, Mistake and Non-Disclosure* (3rd edn, London, 2012), 15-19 to 26 ff; D O'Sullivan, S Elliott and R Zakrzewski, *The Law of Rescission* (2nd edn, Oxford, 2014), chapter 7, section B
5. Proposition (ii): J Cartwright, *Misrepresentation, Mistake and Non-Disclosure* (3rd edn, London, 2012), 13-55 ff
6. Propositions (i) and (ii): J Cartwright, *Misrepresentation, Mistake and Non-Disclosure* (3rd edn, London, 2012), chapter 14